*Көсембай негізгі мектебі*

# Көсембай негізгі мектебінің
# 2022 – 2023-оқу жылында
# 7 сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

*Жетекшісі:Елемесова М.А.*



*2022 – 2023 оқу жылы*

**Көсембай негізгі мектебінің 2022 – 2023 оқу жылында 7 сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы**

2022 – 2023 оқу жылы 7 оқушымен басталды.Сыныпта 3 ер бала және 4 қыз бала бар. Серікбаева Айым отбасы жағдайына байланысты аудан орталығына аусып кетті. Маратқызы Жанел «Сымбат» қыздар мектебінде 3 тоқсан оқып, ауысып келді. Жылдық қорытынды сапалық көрсеткіші – 57% құрайды.

**Үздік оқушылар:** Салихова Шұғыла;Сейткереи Мейрамбек

**Екпінділер:** Боранбай Айдана; Қанат Ернияз

Көп балалы отбасы – Қанат Ернияз; Аз қамтылған – Сеиткереев Мейрамбек; Сансызбай Мадина.

Ең алдымен сыныптардың жаңа оқу жылына деген дайындығын бақылаумен басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата – аналармен байланыс жасалып, хабарлар алынды. 1 қыркүйек білім күнінен орай Алғашқы оқу жылы «Мен – елімнің ертеңімін...» атты сынып білім сағаты ұйымдастырылды. Өткізілген сынып сабағына мектеп ұстаздары қатысып, оқушылар еліміздің осы жылға дейін жеткен толағай табыстарынан хабардар болып, білімдерін толықтырды.
Тәрбие бағыты бойынша 2022 – 2023 оқу жылының тәрбие сағаты тақырыптары бекітілді. Сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар өткізілді. Сынып оқушыларының ата – аналарымен үнемі онлайн (ватсап желісі), офлайн байланыста болып, түрлі іс – шараларға, мектеп әкімшілігінің ұйымдастырған түрлі жоспарлы жұмыстарына (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел, т.б.), бала тәрбиесіне қатысты түрлі қатынас негізінде болған жиналыстарға ( Сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тыйым салу; сауалнама, баяндама, т.б.) қатысуына ат салысып, ата –ана мен мектептің бала тәрбиесі үшін тығыз байланыста болуын қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар ұйымдастырылды.

2022 – 2023 оқу жылына арналған 7 сыныптың тәрбие жұмысының жоспарын белгілеп, мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтамасыз етуде, оқушылардың бос уақыттарын есепке алып, пәндік және басқа да үйірме, секцияларға тартуда, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, оқушыларды мектептен және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының барлық түрлерімен қамтуда нысаналы жұмыстар атқарылды.

Оқушының дүниетанымдық қабілетін қалыптастыру және дамыту арқылы оқу мен тәрбие жұмысысында жаңашыл іс-әрекетпен шығармашыл тұлға тәрбиелеу мақсатында
2015-2016 жылға ҚР БҒМ Жалпы білім беру ұйымдарында оқушыларды тәрбиелеу Тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмыстарының жоспары бекітілген.

1. Қазақстандық патриоттизм және азаматтық, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
3. Отбасы тәрбиесі
4. Ұлттық тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
7. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие.
8. Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты тәрбие бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Преподавателидің, психологтардың, мектеп инспекторының оқушылар арасында қауіпсіз қарым-қатынас орнату бойынша бірлескен жүйелі жұмысы жолға қойылып, кездесулер мен тренинг жұмыстары өткізілді.. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша педагогикалық ұжымның, оқушылардың алаңдаушылық деңгейін айқындау бойынша бірнеше жұмыстар атқарылды.

Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары: Рәміздерді бағалауға «Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау және қолдану» бойынша, **Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу** бойынша негізгі міндеті адамгершілік мінез-құлық әдеттерін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру; **Отбасы тәрбиесінің** міндеті балалардың өз туыстарының кемшіліктеріне шыдамдылық көрсетуін қалыптастыру, өзін отбасының тең құқылы бір мүшесі ретінде сезінуіне, ересек адам ретінде отбасында пікір айта алуына дағдыландыру; Ата – аналар оқу сапасын арттыру бойынша іс –шаралар өткізуге ат салысты, **Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық** тәрбие бағыттары жаңа мазмұнда енгізілген бағыттар. Әлеуметтік –мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру бағыты бойынша адам - ең жоғарғы құндылық екенін оқушыға түсіндіру болып келеді. Ең ұлы жеңіс өзінді-өзің жеңу, өзіне - өзі ие бола білген адам ғана барша жұрттан күшті. Әрбір адамның қоғамдағы алатын өзіндік мәртебесі, өз орны бар екеніне сендіру. Осыған орай бұл бағыттар бойынша жоспарға сай бірнеше жұмыстар камтылды. **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** берудің міндеті табиғат тағдыры үшін тұлғаның жауапкершілік сезімін қалыптастыру, жанашырлық сезімін ояту,адам мен қоршаған ортаның біртұтастығын сана сезімдеріне дағдыландыру.

Еңбек, экономика және экологиялық тәрбие бағытындаміндеті нарықтық экономиканың негізгі заңдары жайлы білімдерін қалыптастыру, жасөспірімдердің өзіне-өзі қызмет көрсету шеберлігін және дағдыларын игере отырып көзделген мақсатқа жетуді, шыдамдылықты қалыптастыру болып табылады. Осы бағыттың аясында мектебіміздің оқушылары әр түрлі жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болды. **Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі** әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін,көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру мақсатында «Өзін-өзі басқару» күнін өткізіп, өздерін бір уақыт мұғалім ретінде сезініп, жауапкершілік танытты. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес зияткерлік,  спорттық іс-шаралар жүйесі жүргізіліп отырды. Балалардың сыныптан тыс жұмысқа қатысуын ынталандыру жүйелі болды. Сыныптан тыс іс-

шараларды ұйымдастыру және өткізу пән мұғалімдерінің көмегімен жүзеге асырылды және оқушы тұлғасын дамытуға бағытталды. **Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесінде** алға қойылған міндеті оқушы бойында теріс әсерлерге қарсы тұра алу қабілетін қалыптастыру, дене еңбегі, психикалық түсініктерін қалыптастыру болып табылды. Осы міндетті орындау барысы бойынша жоспарда көзделген іс-шаралар мен тәрбие сағаттары, сыныптан тыс жұмыстар өткізілді. Сыныбымыздың салауатты өмір салтын сүйетін спортшы оқушылар да әр түрлі спорт түрлерінен жарыстарға қатысып жүлделі орындармен оралды (Қанат Ерннияз; Салихова Шұғыла; Сансызбай Мадина тоғызқұмалақ сайыстарына қатысып жүлделі орындарды иеленді.).
2022 – 2023 оқу жылында сабақтан себепсіз қалған, тәртіп бұзған оқушылар болған жоқ.

**Оқушылардың жыл бойына сабаққа қатысымын қадағалау:**

| **Қыркүйек** | **Қазан** | **Қараша** | **Желтоқсан** | **Қаңтар** | **Ақпан** | **Наурыз** | **Сәуір** | **Мамыр** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 100% | 100% | 100% | Сеиткереев М.Д. Түркістан «Балдәурен» лагері 04.12.22ж - 24.12.22ж | Даулетов Д.А. «Аяла» сауықтыру орталығына жіберілді. 19.01.23 – 02.02.23ж | 100% | 100% | 100% | 100% |

Табысты тәрбие жұмысының негізі – оқу үдерісіне барлық қатысушылардың бірлескен шығармашылық қызметі. Осы орайда оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп үйірмелері жоспарға сай, уақытылы жұмыс жасап келеді.

**Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы сынып оқушылары төмендегі үйірме жұмыстарына қатысты:**

| **«Жас тарихшылар» және «Дебат»** | **«Балалар және театр» үйірмесі** | **«Тоғызқұмалақ» үйірмесі** | **«Вокаль» үйірмесі** |
|---|---|---|---|

Үйірме жұмыстары балалардың өмірін бай және қызықты етеді, физикалық, интеллектуалдық, шығармашылық, адамгершілік және рухани дамуына барынша жағдай жасады.
Ұсыныстар: Үйірмелер жұмысын әртараптандыру қажет, бұл барлық іс-шараларға белсендірек қатысуға мүмкіндік береді. Үйірмелер мен секция жетекшілері өз жұмыстарын заманауи формалар мен әдістерге сай түрлендіру, АКТ-ны қолдану, ата-аналар жиналысында жарнама беру, мектеп, аудан, облыстық, республикалық деңгейде өткізілетін іс-шараларға қатысу арқылы оқушыларды барынша көп тартуы қажет.

**Тәрбие бағыты бойынша өткізілген тәрбие сағаттары:**

| Тәрбие бағыттары | Өткізілген тәрбие сағаттары саны |
|---|---|
| **1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** | 5 |
| **2.Рухани-адамгершілік тәрбие** | 5 |
| **3.Ұлттық тәрбие** | 5 |
| **4.Отбасы тәрбиесі** | 4 |
| **5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** | 4 |
| **6.Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие** | 4 |
| **7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі** | 3 |
| **8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру** | 4 |

**Ашық сынып сағаты :** «Мен – елімнің ертеңімін»
***Сынып сағатының мақсаты:*** оқушылардың бойында отансүйгіштік сезім ұялату,ҚР Тәуелсіздік кезіндегі жетістіктерімен таныстыру, білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу.

**Ашық тәрбие сағаты:** «Тәуелсіздік тұғырым!»

**Тәрбие сағатының мақсаты:** Тәуелсідік жолында құрбан болған боздақтардың ерлігін ұлықтау, бейбітшілікті, тәуелсіздікті ұлықтау.
7 сыныптың тәрбие жұмысы бойынша көздеген мақсатқа жеттім. Жоспарланған іс-шаралар, ашық тәрбие сағаттары өтіліп,
талданды.

*Шешімім:*Сынып сағаттары мен ашық тәрбие сағаттарын өтуде тәрбие жұмысының формасы үнемі түрлендіріп отыру;

Оқушыларды жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлға ретінде қалыптастырып дамытуда сыныптан, сабақтан тыс іс-шараларға, түрлі байқаулар мен спорттық жарыстарға жиі қатыстыру;

Мектептің тәрбие жұмысының жылдық жоспарын, тәрбие жұмысының мақсатын жүзеге асыру барысында сапалы жұмыстар атқару.














 

Инклюзивті білім беру бойынша мүмкіндігі шектеулі оқушы – Дәулетов Данабек Асқарұлымен жұмыстар жүргізілді. Оқушыға арнайы стандартты білім беру бойынша бекітілген пәндері оқытылып, мектеп психологы мен әлеуметтік педагогтары арнайы жұмыстар жасады. Аудандық аурухананың шешімі негізінде көрсетілген уақыттарды оқушы Ақтөбе қаласы бойынша көрсетілген арнайы білім беру және сауықтыру орындарында жіберілді.

**Ата – аналармен жүргізілген жұмыстар:**

| **Ата – аналармен жүргізілген жұмыстар** | **Өтілген ата – аналар жиналыстары** | **Сынып ата – аналарының сыныптан тыс жұмыстарға қатысымы** |
|---|---|---|
|  | - « Қоғам – Отбасы - Мектеп » (1 тоқсан қорытындысы; мектеп ережелері; өмір қауіпсіздігі) қатыс-ы – 7;<br>- Құқықбұзушылықтық пен зорлық зомбылықтың алдын алу(киббербуллинг, әлеуметтік желі ойындарынан аулақ болу,) қатысым - 100%; |  |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>- «Ата – ана баланың - айнасы» (2 тоқсан қорытындысы; үлгерімі, қауіпсіздік ережелері) қатысқаны – 7;<br>- «Алғашқы ұстаз – ата – ана» (3 тоқсан қорытындысы; үлгерім табелі; қауіпсіздік ережесі) қатысқаны – 7;<br>- «Отбасы – шағын мемлекет» (4 тоқсан қорытындысы; үлгерімі; жазғы демалыс қауіпсіздігі, лагер жұмыстыр, жаңа оқу жылы мектеп формасы); қатысқаны – 8.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">Педагогикалық ұжымның тәрбие жұмысын талдай отырып, оқу-тәрбие процесінің ажырамас аспектісі ата-аналар қауымымен жұмыс екенін атап өткен жөн.<br>Жыл бойы ата-аналармен жұмыс жүргізілді, оның мақсаты ата-аналар жиналысы арқылы психологиялық-педагогикалық білім беру, мектеп әкімшілігімен, әлеуметтік мәселелер бойынша психологпен, әлеуметтік педагогпен, балаларды педагогикалық түзету мәселелері бойынша кеңестер беру болды. Жеке отбасылардағы балалар мен ересектер арасындағы қалыптасып келе жатқан қарым-қатынастар, ата-аналар лекциялары, жас ерекшеліктері және баланы тәрбиелеудегі әдіс-тәсілдер туралы жеке әңгімелер, суицидтің, психоактивті заттарды қолданудың, қадағалаусыз және құқық бұзушылықтың алдын алу, сақтау және насихаттау денсаулық сақтау, кәсіптік бағдар беру және бейіндік оқыту бойынша.Қазіргі уақытта ата-аналар қауымдастығының көпшілігі мектеппен ынтымақтастықтың қажеттілігін түсінбейді, өйткені олардың тұрақты жұмысына байланысты олар балаларға жеткілікті уақыт бөлмейді.<br>Қорытынды: Бұл салада атқарылған жұмыстарым жақсы деген бағаға лайық.<br>Жұмыс процесінде туындаған мәселелерге сүйене отырып, келесі міндеттерді тұжырымдауға болады:<br>- балаларды тәрбиелеу саласындағы педагогикалық ұжымның әдістемелік деңгейін арттыру бойынша жұмысты жалғастыру.</td>
</tr>
</table>

- оқушылардың денсаулығын нығайту, оқушыларда салауатты өмір салты туралы дұрыс түсінік қалыптастыру.
- жобалық іс-шараларды енгізу және дамыту, байқауларға, фестивальдерге қатысу және өткізу арқылы мектептің балалар ұжымының бастамасын, дербестігін, шығармашылығын және одан әрі топтастыруын дамыту.
- толеранттылыққа тәрбиелеу, құқық бұзушылықтың алдын алу, білім деңгейін көтеру, тәртіпті нығайту, олардың біртұтас мектеп ережелерін сақтау және оқушылардың білім деңгейін көтеру талаптары.
- ата-аналарды бірлескен іс-шараларға тарту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруге ықпал ету.

Сынып оқушылардың белсенділіктерін, бәсекеге қабілетті білімді жастарды тәрбиелеу мақсатында жолда жүру ережесі бойынша өткен аудандық деңгейдегі слетке қатысып, жоғары дәрежеде жұмыс көрсетіп, сынып оқушыларынан құралған команда арнайы Мадақтамаға ие болды.



Қорытынды:
Тәрбие жұмысымды қорытындылай келе, жалпы алғанда, алға қойылған міндеттерді орындағанымды атап көрсете аламын. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие процесін басқардым.Барлық оқу-тәрбие іс-шараларын үйлестіру, олардың педагогикалық мақсатқа сай болуы, қажеттілігі мен жеткіліктілігі, жоспарлар мен іс-әрекеттерді үйлестіру мектептің оқу-тәрбие процесінде оң нәтиже берді, бұл әр түрлі жетістіктер деңгейінен көрінді.
Келесі 2023 - 2024 оқу жылындағы міндеттер:
- патриоттық, толеранттылық, Отанды қорғауға дайын болу сезімін тәрбиелеу және азаматтық ұстанымын қалыптастыру үшін жағдай жасау;

- құқықтық сауаттылықты, адамгершілік және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға жағдай жасау;
- оқушылардың мінез-құлқын, оқу үлгерімін, психологиялық жағдайын бақылау;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларын қалыптастыру;
- отбасының мәртебесін көтеруге бағытталған ата-аналармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру;
- ата-ана мен бала, отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту;
- оқушыларға, отбасыларына әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету.

**Сынып жетекшісі: Елемесова Мөлдір Айдарқызы**